

**Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери полиция органдарында тіркелген механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне міндетті техникалық қарап тексеру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 372 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 мамырда № 11141 тіркелді.

"Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3) тармақшасына және "Әскери полиция органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 04.05.2023 № 379 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери полиция органдарында тіркелген механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне міндетті техникалық қарап тексеру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы (Р.Ф. Жақсылықов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Р.Ф. Жақсылықовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*  
полиция генерал-лейтенанты

*Қ. Қасымов*

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2015 жылғы 17 сәуірдегі  
№ 372 бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери полиция органдарында тіркелген механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне міндетті техникалық қарап тексеру қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.04.2019 № 275 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери полиция органдарында тіркелген механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне міндетті техникалық қарап тексеру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3) тармақшасына, "Әскери полиция органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін әскери полиция органдарында тіркеудің бірыңғай тәртібін белгілейді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 04.05.2023 № 379 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау-диагностикалық жабдық - көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің техникалық жай-күйінің параметрлерін анықтау үшін қолданылатын сынау жабдықтары және өлшеу құралдары;

2) көлік құралдарының техникалық жай-күйін диагностикалау – жұмыс режимдерінде болуы мүмкін ауытқулардың алдын алу үшін көлік құралдарында, олардың тораптарында және элементтерінде ақаулардың болуын сипаттайтын белгілерді анықтау және зерделеу;

3) көлік құралының иесі – жедел басқару құқығымен көлік құралына иелік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының бөлімшесі (мемлекеттік мекеме);

4) міндетті техникалық қарап тексеру (бұдан әрі - қарап тексеру) – механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің техникалық жай-күйінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкестігін диагностикалаудың мерзімдік процесі.

3. Қарап тексеру:

1) жол қозғалысына қатысушы көлік құралдарының техникалық жай-күйін тексеруден;

2) жол-көлік оқиғаларының алдын алудан;

3) көлік құралдарын пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етуден және қоршаған ортаға зиянды әсерін төмендетуден;

4) көлік құралдарының техникалық жай-күйін статистикалық талдаудан тұрады.

## 2- тарау. Тексеру жүргізу

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.04.2019 № 275 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Қарап тексеру жыл сайын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары - Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 26.01.2023 № 44 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Көлік құралдарын қарап тексеру көлік құралдарының орналасқан орны бойынша техника және қару-жарақ бөлімшелерін тарта отырып, әскери полиция органдары ( бұдан әрі - ӘПО) жүргізеді.

6. Қарап тексеруден өту үшін ӘПО-ға мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі - КҚТК);
- 2) көлік құралының паспорты;
- 3) қарап тексеруге ұсынылатын көлік құралдарының тіркеу тізімі;
- 4) қарап тексеруге ұсынылмайтын көлік құралдарының ұсынбау себебі көрсетілген тіркеу тізімі.

7. Сақтауда тұрған көлік құралдарына қарап тексеру оларды сақтаудан алған және пайдалануға берген жағдайда ғана жүргізіледі.

8. Иссапарға жіберілген көлік құралдарын қарап тексеру олар келген жерде жүргізіледі.

Иссапарға жіберілген көлік құралдарына қарап тексеру жүргізу кезінде ӘПО-ға тек КҚТК ұсынылады.

9. Қарап тексеру үшін кестеге сәйкес ӘПО-ға көлік құралы және осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылады.

10. Көлік құралдарын қарап тексеру Қазақстан Республикасының техникалық реттеу және өлшеулердің бірыңғайлығын қамтамасыз ету саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін бақылау-диагностикалық жабдықтарды қолдана отырып, жүзеге асырылады.

11. Бақылау-диагностикалық жабдықтың құрамына:

- 1) жол сынақтары әдісімен тежеуіш жүйелерін тексеруге арналған аспап;
- 2) люфтомер;
- 3) газ анализатор және түтін өлшегіш;
- 4) жарық фарын тексеретін электрондық аспап кіреді.

12. Жарамсыз және (немесе) белгіленген мерзімде тексеруден өтпеген бақылау-диагностикалық жабдықты пайдалануға рұқсат етілмейді.

13. Қарап тексеру жүргізуден бас тартуға:

1) осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбау;

2) қарап тексеруге көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісіз (бұдан әрі - МТНБ) немесе КҚТК-да көрсетілген деректерге сәйкес келмейтін МТНБ-мен ұсыну негіз болып табылады.

14. Қарап тексеруден бас тарту туралы ӘПО бас тарту себептерін көрсете отырып, баянатпен әскери бөлімнің (мемлекеттік мекеменің) командиріне баяндайды.

15. Қарап тексеру екі кезеңде жүргізіледі: дайындық және негізгі.

16. Дайындық кезеңінің барысында көлік құралдарын сәйкестендіру және сәйкестендіру нәтижелерінің тіркеу және өзге де құжаттардың деректеріне сәйкестігі тексеріледі.

17. Негізгі кезең барысында көлік құралының техникалық жай-күйінің Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкестігін айқындау (тексеру) бойынша жұмыстар орындалады.

18. Міндетті техникалық қарап тексерудің негізгі кезеңі жиынтыққа қатысты тексеруден, пайдалану қауіпсіздігінің жекелеген қасиеттерін сипаттайтын параметрлердің шекті мәндерін, жекелеген құрамдас бөліктердің тозығын (ақауларын) пайдалануда рұқсат етілген шектеулерді, жұмыс қабілеттілігі көрсеткіштерінің шекті ықтимал нашарлауын сипаттайтын нормаларды, автокөлік құралдарының конструкцияларын өзгертудің рұқсат етілген шегін шектеуді, оның ішінде:

1) тежеуішті басқаруды:

тежеуіш жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін;

тұрақта тұру тежеуіш жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін;

блоктауға қарсы тежеуіш жүйелері сигнализаторларының жұмыс істеуі;

тежеуіш жүйелерінің элементтерінің жай-күйі және тежеуіш жетегінің тұмшалануы;

2) рульді басқаруды:

руль тетігінің және оны бекітетін картердің, руль жетегінің, руль дөңгелегінің және руль колонкасының механикалық жай-күйі мен жұмыс істеуі, жалпы люфті;

3) көру:

көру аясы;

әйнектердің, әйнек тазалағыштардың, әйнек жуғыштардың жай-күйі;

артқы көру айнасының жай-күйі және бекітілуі;

4) сыртқы жарық аспаптарының, көзді шағыстырғыштар мен электр жабдығының саны, орналасуы, түстері, көру бұрыштары, жай-күйі, жұмыс істеуі және сипаттамалары:

фарлар;

алдыңғы және артқы габариттік (бүйір) оттары, бүйір сигналдық шамдары;

тежеуіш сигналдары;

бұру сілтегіштері;

алдыңғы және артқы тұманға қарсы фаралары;  
артқа жүру шамдары;  
артқы нөмірлік белгіні жарықтандыратын лампалары;  
жарық шағылыстырғыштар, бүйірлік шағылыстырғыштар, артқы тану белгілері;  
бақылау сигналдары;

тартқыш пен тіркеменің немесе жартылай тіркеменің арасындағы электр қосылғыштар;

электр сымдары;

аккумуляторлар;

5) осьтер, дөңгелектер, шиналар мен аспалар:

шиналар протекторының зақымдануы және тозуы;

аспа элементтерінің және оларды бекіткіштердің (рессорлар, амортизаторлар, аспа тетіктері, шарнирлік элементтер) механикалық жай-күйі;

дисклердің және дөңгелек шабақтарының жай-күйі, оларды бекіту элементтерінің болуын;

б) шасси мен шассиге агрегаттар мен тораптарды бекіту элементтерінің:

түтін түтіктері мен тұншықтырғыштардың;

отын багы мен түтіктердің (жылытуға арналған отын багын қоса алғанда);

бамперлердің, бүйірлік қорғану және артқы сырғанауға қарсы құрылғының;

тіркеу құрылғысының;

қуат агрегатын бекіткіштің;

аудару тетігінің;

кабина немесе шанақ қондырғыларының;

есіктер және есік құлыптарының, еденнің;

жүргізуші мен жолаушылар орындықтарының;

басқару органдарының;

кабина мен шанақ басқыштарының;

шашыраудан қорғауға арналған құрылғылардың жай-күйі мен жұмыс істеуін;

7) өзге де жабдықтың:

қауіпсіздік белдіктерінің;

өрт сөндіру құралдарының;

құлыптар мен айдап әкетуге қарсы құрылғылардың;

апаттық тоқтау белгілерінің;

алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмек қобдишасының;

дөңгелектердің астына салынатын сырғанауға қарсы тіреуіштердің;

дыбыстық сигнализация жүйесінің;

спидометрдің;

қосалқы дөңгелек кронштейндерінің бар-жоғын, жай-күйін және жұмыс істеуін;

8) қоршаған ортаға әсер етумен байланысты факторлар:

шу, пайдаланылған газдар, сұйықтықтардың ағуын тексеруден тұрады.

19. Қарап тексеру өткізудің негізгі кезеңінде көлік құралының қандай да бір бөлігін ажыратусыз немесе алып тастаусыз орындалады.

20. Тіркемелер мен жартылай тіркемелердің техникалық жай-күйі автопоезд құрамында, сондай-ақ ағытылған күйінде (сүйреу-тіркеме құрылғысы мен тежегіш блоктауының жарамдылығын бақылау үшін) тексеріледі.

21. Егер қарап тексерудің нәтижелері бойынша көлік құралын және тіркемелерді пайдалануға тыйым салынатын ақаулар мен шарттар анықталмаса, қарап тексеру өткізілді деп есептеледі.

Бұл жағдайда осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша диагностикалық карта жасалады, оның негізінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жарамдық мерзімі көрсетілген қарап тексеруден өткені туралы куәлік беріледі.

22. Диагностикалық картаға көлік құралының техникалық жай-күйіне диагностикалу жүргізген әскери автомобильдік полицияның, техника және қару-жарақ бөлімшесінің офицерлері қол қояды.

23. Қарап тексеруден өткені туралы куәлікке ӘПО бастығы немесе оның орнындағы адам қол қояды және мөрмен куәландырылады.

24. Егер қарап тексерудің нәтижесі бойынша ақаулар мен көлік құралын және оның тіркемелерін пайдалануға тыйым салатын шарттар анықталса, ол қарап тексеруден өтпеген деп танылады.

Бұл жағдайда ақаулары көрсетілген диагностикалық карта беріледі.

25. Анықталған кемшіліктер және көлік құралын және оның тіркемелерін пайдалануға тыйым салатын шарттар жойылғаннан кейін көлік құралы қайта қарап тексеру үшін ұсынылады.

26. Көлік құралын қайта байқаған кезде қарап тексерудің белгіленген өлшем шарттарға жауап бермеген және диагностикалық картада көрсетілген позициялар бойынша ғана жүргізіледі.

27. Қарап тексеру кезінде ақаулар анықталғаннан кейін көлік құралын қайта қарап тексеру жүргізуге ұсынудың максималды мерзімі он жұмыс күнін құрайды.

28. Он жұмыс күні өткеннен кейін көлік құралының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігі жалпы негіздерде жүзеге асырылады.

29. Қайта қарап тексеру жүгізу кезінде оған дейін анықталған және диагностикалық картада көрсетілген ақаулар немесе көлік құралын пайдалаға тыйым салатын жағдайлар жойылмаса, диагностикалық карта жасалып, онда қайта жүргізілген қарап тексерудің нәтижелері көрсетіледі.

30. Техникалық қарап тексеру нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшағасәйкес нысан бойынша көлік құралдарын қарап тексеру актісі ресімделеді, оған жылдық техникалық қарап тексеруге бақылауды жүзеге асыратын әскери полиция

органының лауазымды адамы және комиссия мүшелері қол қояды. Қарап тексеру актісі үш данада жасалады, оның бір данасы көлік құралы иесінің өкіліне беріледі.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.04.2019 № 275 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

31. Қарап тексеруге ұсынылмаған (өтпеген) көлік құралдары қарап тексеруден өтпеген деп танылады және оларды пайдалануға тыйым салынады.

32. Міндетті техникалық қарап тексеруден өткені туралы куәлік бланкілерінің жұмсалуын есепке алу үшін ӘПО-да осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралдарының міндетті техникалық қарап тексеруден өткені туралы куәлік бланкілерін есепке алу және беру журналы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық ұланының әскери полиция  
органдарында тіркелген механикалық  
көлік құралдарына және олардың  
тіркемелеріне міндетті техникалық  
қарап тексеру қағидаларына  
1-қосымша

нысан

№ \_\_\_\_\_ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КАРТА \_\_\_\_\_

*Диагностикалау пунктiнiң атауы (әскери бөлiм, мекеме)*

Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі: \_\_\_\_\_

Көлік құралының санаты (үлгісі, түрі): \_\_\_\_\_

Марка, модель: \_\_\_\_\_

Шыққан жылы: \_\_\_\_\_

Көлік құралын тіркеу туралы куәлік (серия, нөмір): \_\_\_\_\_

Сәйкестендіру нөмірі (VIN) \_\_\_\_\_

Шанақтың нөмірі: \_\_\_\_\_

Шассидің нөмірі: \_\_\_\_\_

Қозғалтқыштың нөмірі: \_\_\_\_\_

Қозғалтқыштың көлемі, см<sup>3</sup> (жеңіл автомобильдер үшін): \_\_\_\_\_

Жүрісі, км. (пайдаланудан бастап): \_\_\_\_\_

Жүргізушінің лауазымы, Т.А.Ә.: \_\_\_\_\_

Жүргізуші куәлігінің берілген күні, сериясы, нөмірі: \_\_\_\_\_

№	Тексерілетін параметрлері және қойылатын талаптар	№	Тексерілетін параметрлері және қойылатын талаптар	№	Тексерілетін параметрлері және қойылатын талаптар

<b>I. Тежегіш жүйелері</b>		13	Реттеу бұрыштары мен фарлар жарығы күшінің қойылатын талаптарға сәйкестігі	26	Аспаптардың бөлшектерінің жай-күйі, сондай-ақ олар бекітілетін жерлерде қозғалыстың (конструкциямен көзделмеген) және лифтердің болмауы
1	Жұмыс тежегіш жүйесінің тиімділігі көрсеткіштерінің сәйкестігі	14	Жарық аспаптары шашыратқыштарының бұзылулары мен жарықшактарының болмауы	<b>VI. Қозғалтқыш және оның жүйелері</b>	
2	Тежегіш күштер айырмашылықтарының белгіленген талаптарға сәйкестігі	<b>III. Көрініс</b>		27	Көлік құралдарының пайдаланылған газдарындағы ластандырғыш заттардың белгіленген талаптарға сәйкестігі
3	Тұрудағы тежегіш жүйесінің тиімділігі көрсеткіштерінің сәйкестігі	15	Желқағар әйнектің әйнек тазалағыштарының болуы және		Пайдаланылған газдардың түтіндегіштігінің шекті рұқсат етілген деңгейінің белгіленген



				жұмыс қабілеттілі гі			талаптарға сәйкестігі
Блоктауға қарсы тежегіш жүйелері сигнал бергішінің жұмыс істеуі		16	Желқағар әйнектің әйнек жуғыштары форсункаларының болуы және әйнек жуғыштың әйнек жуу аймағына сұйықтық беруді қамтамасыз етуі		29	Отын тамуының және пайдалану сұйықтықтарының тамшылауының болмауы	Блоктауға қарсы тежегіш жүйелері сигнал бергішінің жұмыс істеуі
5	Тежегіш жетегінің герметикасы бұзылуының, қысым түскен тежегіш шлангтердің ісінуінің, жарықшақтардың, ысқыланған жерлердің, герметиканың жоғалуына немесе қирау қаупін төндіретін тотығудың болмауы		17	Жүргізуші орнынан көріністі шектейтін қосымша заттардың немесе жамылғылардың болмауы. Желқағар әйнектің жоғарғы бөлігіндегі пленка жолағының белгіленген талаптарға сәйкестігі		30	Газбен жұмыс істейтін көлік құралдарының герметикалық жүйесінің бұзылуларының болмауы. Газ баллондарының белгіленген талаптарға сәйкестігі
6	Тежегіш сұйықтық		18	Желқағар әйнектің, алдыңғы бүйірлік әйнектің және алдыңғы есіктер			

	арының тамуының болмауы		әйнегінің жарық өткізу нормасына сәйкестігі	VII. Конструкцияның басқа элементтері	
	<b>II. Рулдік басқару</b>	19	Жүргізуші жағынан әйнек тазалағыш пен әйнектің жартысын тазалау аймағында желқағар әйнекте жарықшақтың болмауы	31	Дыбыстық сигнал беру аспабының жұмыс қабілеттілігі
7	Рулдік басқаруда шекті мәндерден жиынтық люфтың артуының болмауы	20	Белгіленген талаптарға сәйкес артқы көрініс айнасының болуы және жай-күйі	32	Бір осьтік тіркемелерде (таркатуды қоспағанда) және жұмыс тежегіш жүйелермен жабдықталмаған тіркемелерде жұмысқа қабілетті сақтандырғыш құрал-саймандардың болуы
8	Рулдік басқару күшейткіші бар рулдік дөңгелектің бейтарап жағдайдан өздігінен бұрылуының болмауы	<b>V. Шиналар, дөңгелектер және аспалар</b>		33	

9	Рулдік бағанның және рулдік механизм қартерінің бекіту бөлшектерінің зақымдануының болмауы және толық жинақталымы		21	Шина бұжыртабаңдары суретінің биіктігінің белгіленген талаптарға сәйкестігі		34	Көлік құралын жарамды қауіпсіздік белбеулері мен жарақтау	
10	Қалдық деформация іздерінің, рулдік механизм және рулдік жетекте жарықшактар мен басқа да ақаулардың болмауы		22	Кордты жалаңашт айтын бұжыртабаңның жергілікті ажырауы және шинаның жергілікті зақымданулары (тесілуі, кесілуі, жыртылуы) болмауы		35	Тұншықтырғыштардың және түтін түтіктерінің болуы	
						36	Спидометрдің жұмыс қабілеттілігі	
<b>IV. Сыртқы жарықтық аспаптары</b>			23	Дөңгелек дискілері мен құрсаулары бекітпесінің барлық бұрандалары мен сомындарының болуы		37	Бамперларының және дөңгелек үстінің ластанудан қорғау құрылғыларының болуы	
	Конструкцияда						Салон еденінде жарықшактардың болмауы, орындыктардың сенімді бекітілуі,	

11	көзделген орындарда фарлардың, сигнал фонарларының болуы және орналасуы	24	Дөңгелек дискілері мен құрсауларында жарықшақтың болмауы	38	автобустарда, шағын автобустарда және таксиде орындыктардың реттеу механизмдерінің және бекітпелерінің жұмыс қабілеттілігі
12	Фарлардың және сигналдық фонарларының жай-күйі, жұмыс қабілеттілігі және жұмыс режимі	25	Белгіленген талаптарға сәйкес көлік құралына шиналарды орнату	39	Белгіленген талаптарға сәйкес келетін авариялық аялдау белгісінің, өртсөндіргіштердің және медициналық қобдишаның болуы

Әскери полиция органының әскери автомобильдік полиция офицерінің қорытындысы \_\_\_\_\_

(мекеме, ә/б, лауазымы, әскери атағы, қолы, Т.А.Ә. егер болса)

Техника және қару-жарақ бөлімшесі офицерінің қорытындысы \_\_\_\_\_

(ә/б, мекеме, лауазымы, әскери атағы, қолы, Т.А.Ә. егер болса)

Қазақстан Республикасы  
 Ұлттық ұланының әскери полиция  
 органдарында тіркелген механикалық  
 көлік құралдарына және олардың  
 тіркемелеріне міндетті техникалық  
 қарап тексеру қағидаларына  
 2-қосымша

НЫСАН

## Лицевая сторона

ҚР Ұлттық ұланы Техникалық байқау өту туралы куәлік		Национальная гвардия РК Свидетельство о прохождении технического осмотра	
Әскери бөлім Воинская часть			
КК маркасы Марка ТС		МТНБ ГРНЗ	
Спидометр көрсеткіші Показание спидометра на		“ ”	ж/т. шм/км
Действительно до “ ”		г/ж дейін жарамды	
ӘПО лауазымы Должностное лицо ОВП			
		(әскери атағы, қолы, аты, подпись ФИО)	
МО/МП		“ ”	ж/т

## Оборотная сторона

МТНБ және иесінің ауысуы жөнінде белгі Отметка о смене владельца и ГРНЗ		
Әскери бөлім Воинская часть	МТНБ ГРНЗ	
Әскери бөлім Воинская часть	МТНБ ГРНЗ	
айы, жылы месяц, год	Техникалық байқауды өтті Технический осмотр прошел	мөр және қолтаңба печать и подпись

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық ұланының әскери  
полиция органдарында тіркелген  
механикалық көлік құралдарына  
және олардың тіркемелеріне  
міндетті техникалық қарап  
тексеру қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

## Көлік құралдарын техникалық қарап тексеру актісі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.04.2019 № 275 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 \_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_

(лауазымы, атағы, Т.А.Ә.(егер болса))

комиссия мүшелерінің қатысуымен:

Ұлттық ұланның әскери полиция органдарында тіркелген,

(әскери бөлім, ұйым, мекеме, бағыныстылық)

теңгерімінде тұрған көлік құралдарына (бұдан әрі - КҚ) техникалық қарап тексеру жүргіздім.

Техникалық қарап тексеру кезінде мыналар анықталды:

КҚ техникалық қарап тексеруге \_\_\_\_\_ бірлік ұсынылды

Р/с №	КҚ типі	Маркасы (МТНБ моделі)	Шығарылған жылы	Реттік нөмірлері			К Қ техникалық жай-күйі туралы қорытынды	Т Қ өткендігі туралы қорытынды	Ескертпе	
				Қозғалтқыш	Шанақ	Шынақ, шасси				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

\_\_\_\_\_ бірлік техникалық қарап тексеруден өтті.

\_\_\_\_\_ бірлік техникалық қарап тексеруден өтпеді.

соның ішінде мынадай себептер бойынша:

Тежегіш жүйесінің ақаулығы \_\_\_\_\_ бірлік;

Рульдік басқарудың ақаулығы \_\_\_\_\_ бірлік;

Сыртқы жарықа аспаптарының ақаулығы \_\_\_\_\_ бірлік;

Шиналар протекторының тозуы \_\_\_\_\_ бірлік;

Шанақ пен кабинаның қанағаттанарықсыз жай-күйі \_\_\_\_\_ бірлік;

Тораптар мен агрегаттардың техникалық ақаулығы \_\_\_\_\_ бірлік;

Талаптарын бұзу \_\_\_\_\_ бірлік;

Өзге де себептер \_\_\_\_\_ бірлік

Р/с №	КҚ типі	Маркасы (моделі)	МТНБ	Шығарылған жылы	Реттік нөмірлері			К Қ ТҚТ-ға ұсынбау себептері	Ескертпе
					Қозғалтқыш	Шанақ	Шынақ, шасси		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Техникалық қарап тексеруге ұсынылмаған көлік құралдарының барлығы \_\_\_\_\_ бірлік

оның ішінде мынадай себептер бойынша:

ағымдағы жөндеуде немесе оны күтуде \_\_\_\_\_ бірлік;

күрделі жөндеуде \_\_\_\_\_ бірлік;

бөлшектеуде \_\_\_\_\_ бірлік;

сақтауда болу \_\_\_\_\_ бірлік;

іссапарда \_\_\_\_\_ бірлік;

басқа да себептер \_\_\_\_\_ бірлік.

Ұлттық ұланның әскери полиция бастығы (офицері)

\_\_\_\_\_ (әскери атағы, қолы, Т.А.Ә.(егер болса))

Комиссия мүшелері (лауазымы, әскери атағы, қолы, Т.А.Ә.(егер болса)):

\_\_\_\_\_ Әскери бөлімнің командирі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (әскери атағы, қолы, Т.А.Ә.(егер болса))

М.О.

Көлікті пайдалану үшін жауапты адам

\_\_\_\_\_ (лауазымы, әскери атағы, қолы, Т.А.Ә.(егер болса))

Қазақстан Республикасы

Ұлттық ұланының әскери полиция

органдарында тіркелген механикалық

көлік құралдарына және олардың

тіркемелеріне міндетті техникалық

қарап тексеру қағидаларына

4-қосымша

**Міндетті техникалық қарап тексеруден өткені туралы куәлік бланкілерін есепке алу және беру журналы**

Р/с	Міндетті техникалық қарап тексеруден өткені туралы	Міндетті техникалық	Міндетті техникалық қарап тексеруден
-----	--	---------------------	--------------------------------------

№	куәлік алған мемлекеттік мекеменің, әскери бөлімнің атауы	АКҚ маркасы мен мемлекеттік нөмірі	қ а р а п тексеруден өткен күні	өткені туралы берілген куәлік бланкісінің №	Ескертпе
1	2	3	4	5	6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК